


Тақырыбы:
Әлуметтану
ҒЫЛЫМЫНЫҢ
даму тарихы

Жоспары:

- Әлеуметтану тарихының негізгі бағыттары.
- Әлеуметтану ғылымының пайда болуы мен қалыптасуының басты себептері.
- О. Конт - әлеуметтанудың негізін салушы.
- Г. Спенсер, Э. Дюркгейм, М. Вебер әлеуметтануы

Әлеуметтану



Біршама жас ғылым болып табылады. Өйткені оның ғылым ретінде қалыптасуының өзіне қоғамдық дамудың белгілі кезеңінде ғана қажеттілік туды.

* Әлеуметтану ғылымының кеш пайда болуынан оған дейін қоғам және қоғамдық құбылыстар жайлы ойлар болмады деуге болмайды, қоғам туралы ойлар басқа ғылымдардың шеңберінде көріне бастады: философиялық, экономикалық, тарихи, саяси шығармаларда бой көрсетті.

Ежелгі Шығыс цивилизациясы:

Көне Египет,

Вавилон,

Үнді және Қытай

Конфуцийшылардың қоғам туралы іліміндегі негізгі мәселе -


**адамдар арасындағы
қатынас және тәрбие
мәселесі: абыройлылық,
шыншылдық, өнегелілік,
адамгершілік, қайырымдылық
кішіпейілділік, адамды сүю,
тура жолмен жүру.**



Конфуций:

Адамдар арасындағы әлеуметтік қатынасты

Борыш пен заңды
мойындайтын,
оны бірінші
орынға қоятын
адам



Өз пайдасын
көдейтін
адам

Олардың адамдық образдарындағы айырмашылықтарды ашу арқылы көрсетеді.

Ежелгі Үндістан

Буддизм және Джайнизм мектептері:

Этикалық, эстетикалық нормалар, мінез-құлық нормалары, тақуалық (аскетизм- «нәспіні тыю») мінездің формалары беріледі. Ондай нормалардың бірі ретінде «тірі жанға зиян келтірмеу принципі негізге алынады.

Шығыста әлеуметтік ой-пікір прагматистік (тәжірибелік) сипатта болды. Жағымды мінез-құлық үлгілері тек уағыздалып, адам міндеттерінің тізбегін атаумен шектелді.

Платон (б. з. д. 427-347) мен Аристотель (б. з. д. 384-322).

Антикалық алғашқы әлеуметтанушыларды **әлеуметтік философтар** деп атайды. Олар қазіргі әлеуметтанушылар сияқты салт – дәстүрді, адамдар арасындағы қарым–қатынасты зерттеді, фактілерді жинақтап қорытты, тұжырымдар жасады, бәрі –бәрі қоғамды қалай жетілдіру керектігі жөніндегі практикалық нұсқаулармен аяқталады. Антикалық дәуірде «қоғам» мен «мемлекет» ұғымдары ажыратылмай, синонимдер ретінде қолданылады.

П л а т о н .

Жалпы әлеуметтану мәселелеріне арналған алғашқы еңбек Платонның «Мемлекеті». Ол еңбек бөлінісінің ерекше рөлін баса көрсетіп, бірінші болып стратификация теориясының негізін қалады. Оның теориясы бойынша қоғам үш топқа бөлінеді:

- 1) *Жоғарғы* мемлекет басшылары, даналар, аристократтар;
- 2) *Орта*, тәртіпсіздік пен бүлікшіліктерді басатын әскерлер;
- 3) *Төменгі*, қолөнершілер мен шаруалар кіреді.

Касталық қатынасты жақтады

Платон ілімінде:

Әлеуметтану үшін басты нәрсе:

- 1. Қоғамдық еңбек бөлінісі – қоғамдық қатынас үшін маңызда фактор;**
- 2. Таптық күрестің болуы – ол еңбек бөлінісі мен адамның табиғи теңсіздігінен туындайды;**
- 3. Қоғамдағы адамдар бірлігі үшін қажетті тәрбие мен қоғамдық сана қажеттілігі.**

Аристотель:

- * Оның ілімінде қоғамдағы тәртіптің тірегі – **орта топ**. Одан басқа қоғамды екі топ бай – **плутократия** және меншігі жоқ - **пролетариат** бар.

Мемлекет мынадай жағдайда жақсы басқарылады:

- 1) егер кедейлер тобы мемлекетті басқарудан шеттетілмесе;
- 2) байлардың мүдделілік өзімшілдігі шектелсе;
- 3) орта топ көпшілікті құрап қоғамда тұрақтылық қалыптасады.

Қоғамды жетілдіру адамдарды теңестіру емес моральдық жағынан елді көтеру керек деп үйретеді

Аристотель:

Жеке меншікті жақтады.

Адамдар тек өзіне қатысты заттар жөнінде көбірек қамқорлық жасайды, ал меншік ортақ болған жерде оған ерекше ынта білдірмейді, енжарлық танытады» дейді.

Әлеуметтану ғылымының қалыптасуына әсер етуші әлеуметтік факторлар:

Себептер:

1. Франциядағы үш революция (1789, 1830, 1848) – яғни қоғам мен ондағы өзгерістерді зерттеуге алғышарттар туындайды.
2. Жаратылыстану ғылымының дамуы (химия, физика, биология).
3. Англиядағы, Франциядағы капитализмнің дамуы.
4. Қалалардың өсуі.



Әлеуметтанудың дамуы төрт негізгі кезеңінен өтті


- 1-кезең. Әлеуметтану XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың 20 – 30 – жылдарының басында** - Бұл кезеңде әлеуметтану философиядан бөлініп шығады, қоғамды зерттеудің, түсіндірудің жаңа ғылыми, әдістемелік тұжырымдарын іздестіре бастады, алғашқы мектептер, бағыттар, ілімдер қалыптасты. Бұл кезеңде әлеуметтанудың қолданбалы саласы қалыптаса бастады.
- 2- кезең. Қолданбалы әлеуметтану XX ғасырдың 30-60 жылдары.** Бұл кезеңде әлеуметтанудың әдістемелік және әдістік аппаратын дайындау басталды, әлеуметтану экспериментальды (практикалық) ғылымға айналды.
- 3- кезең. XX ғасырдың 60-90 жылдары.** Бұл кезеңде әлеуметтану өткен кездегі әлеуметтанудың теорияларын алуан түрлі ой-тұжырымдарын өмірде қолдана бастады.
- 4-кезең. Бүгінгі таңда** әлеуметтану әлемдік шеңберде жүйелі білімге айналды. Бұл кезеңде әлеуметтану ғылымында алуан түрлі тұжырымдамалар, көптеген теориялар пайда болды.



Әлеуметтанудың дербес ғылым ретінде пайда болуы француз философы Огюст Конттың есімімен байланысты (1798-1857).

Ол ең алдымен Батыстағы позитивті философияның негізін қалаушы. «Позитивті философияның курсы» (1830 ж.) деп аталатын 6 томдық еңбегі жарық көреді. Осының үшінші томында алғаш рет Әлеуметтану деген ұғымын енгізген

О.Конт адамның интеллектуалды дамуының үш сатысын ұсынады:



КОНТТЫҢ ҮШ ТҮРЛІ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ :

Ежелгі дүние мен орта ғасырлар: 14 ғ. дейін:

ФЕТИШИЗМ. ПОЛИТЕИЗМ. МОНОТЕИЗМ.


Революция кезеңі. 14-18 ғ, соғыстық-авторитарлық басқару режимі.

Капитализм дамуы.

Өнеркәсіптік-әлемдік қауымдастық
19 ғ. бастап.

**О.Конттың социологиялық
концепциясында басты екі
идея:**

**қоғамтануда
ғылыми тәсілді
қолдану**



**әлеуметтік
реформаларды
жасауда іс
жүзінде
ғылымды
қолдану**

Конт әлеуметтануды

2-ге бөлді:

1. **Әлеуметтік статика** -әлеуметтік

жүйелердің өмір сүруінің жағдайлары мен қызмет ету заңдылықтарын қарастырады. Әлеуметтік институттардың қызмет етуі мен қоғамдық бірлікті қалыптастырудағы ролі қарастырылады.

2. **Әлеуметтік динамика** - әлеуметтік

жүйелердің дамуы мен өзгерістерінің заңдылықтарын қарастырады.

О. Конттың әлеуметтануды дамытудағы ролі:

1. Алғаш рет қоғамды ғылыми тұрғыдан танудың қажеттілігін негіздеді;
2. Әлеуметтануды әртүрлі эксперименттерге, бақылауларға негізделетін ерекше ғылым ретінде анықтады;
3. Әлеуметтану ғылымында эмпирикалық зерттеулерді жүргізу мәселесін көтерді;
4. Тарихи дамудың заңдылық сипатын, әлеуметтік құрылымды және ондағы әлеуметтік институттардың өзіндік ерекшеліктері мен маңызын негіздеумен анықталады.

О. Конттың әлеуметтанулық концепциясындағы екі басты

идея:

Біріншісі- қоғамтануда ғылыми
тәсілді қолдану;

**Екіншісі – әлеуметтік
реформаларды жасауда іс жүзінде
ғылымды қолдану.**


Герберт Спенсер (1820-1903)

Ағылшын социологы Г.

Спенсер ғылымға алғашқы болып «әлеуметтік институт» терминін енгізді


Олар: туыстық, білім, саяси, шіркеу, кәсіби және өндірістік институттар.

Спенсердің пайымдауынша, барлық әлеуметтік институттар әлеуметтік әрекеттердің тұрақты құрылымы ретінде қалыптасады.



**Спенсердің әлеуметтану
теориясы негізгі екі
мәселеден тұрады:**

**Қоғамды
биологиялық
организм
ретінде қарау**



**Әлеуметтік
эволюция
идеясы**

Қоғам биологиялық организмге ұқсас, тіршілік үшін күрес жүргізеді.

Спенсердің әлеуметтік ілімдері (**органикалық теория**) деп аталады. Онда қоғам үйлесе дамыған организм ретінде қарастырылады. Оның құрамдас бөліктері өзара тығыз байланыста болып, бір-біріне сәйкес қызмет етеді. Қоғамның идеялды күйі тендік болып табылады. Тендіктің бұзылуы қоғам үшін қауіпті сондықтан қоғамдағы барлық әрекет тендікті сақтауға ықпал етуі керек, өйткені ”біз барлық жерде тендікке ұмтыламыз.”

Г. СПЕНСЕР:

Қоғамның органикалық теориясы: (ағза) мемлекет-жүрек, жүйке жүйесі-шіркеу, экономикалық өмір-зат алмасу, үкімет-ми, сауда-қанайналымы.

Әлеуметтік эволюция теориясы: барлық қоғамдардың дамуы ұқсас (қарапайымнан күрделіге)

Қоғам индивид үшін өмір сүреді.

Әлеуметтанудың классикалық негізін салушылардың бірі – **Эмиль Дюркгейм (1858 – 1917 ж. ж.):**


Ол француз фиолософы және әлеуметтанушысы, Бардосконың (1887 ж.) және Париждің (1902 ж) университетінің профессоры болған. Дюркгеймнің әлеуметтануды тани бастауына Конт әсер етеді.

Оның шығармалары “Өзіне-өзі қол жұмсау”, ”Қоғамдағы еңбектің айырмашылығы”(1893 ж.), ”Социологиялық әдістердің ережесі” (1895 ж.), ең үлкен шығармаларының бірі “Элементарлы діни өмірдің формасы”(1912 ж.) жазған.



Э. Дюргейм әлеуметтік таным жеке индивиттердің мінез-кұлқы мен санасына емес, қоғамның әрбір мүшесінен жоғары тұратын **әлеуметтік фактіні** зерттеуге бағытталуы керек деп түсіндіреді.

Әлеуметтік фактілер – адамдардың біріккен әрекеті мен ұжымдық санасынан қалыптасқан ерекше қоғамдық құбылыс. Бұл қоғамда әрекет ететін моральдық және құқықтық нормалардың белгілі салт-дәстүрлер мен әдеттерге, дінге, ғылымға, ағарту ісіне т.б құндылықтарға қатынасы. Осы әлеуметтік фактілер бір қоғамды екінші қоғамнан ажыратады. Олар индивидтің көпшілік адамдар арасындағы мінез-кұлқын айқындайды.



Дюркгеймнің «социологизм» методологиясы

Социологизмнің мәні мен мазмұны әлеуметтілікте. Тек әлеуметтілік арқылы зерттеу, басқаша айтқанда, қандай да бір әлеуметтік құбылысты, процесті алмайық, олардың бәрі әлеуметтік ортамен байланысты өмір сүреді. Қоғам – ерекше құбылыс, оны табиғатпен, психикамен шатастырып, алмастыруға болмайды. Әлеуметтанудың методологиясы (яғни, әдістемелері) жаратылыстану ғылымдарына ұқсас болуы қажет, әлеуметтану өз алдына ғылымға айналу үшін оған белгілі бір жағдайлар қажет, осылардың ішінде оның тек қана өзі зерттейтін, өзіне ғана тән пәні мен таным әдістемелері болуы керек. Э. Дюркгеймнің пікірінше, әлеуметтану әлеуметтік нақты мәні бар, оған ғана тиісті қатынастарды, олардың сапаларын терең зерттеуі керек.

* Э. Дюркгейм діннің ерекше әлеуметтік тұжырымын да жасады. Ол дінді қоғамның өзі, қоғам барлық қиеліктің, қасиеттіліктің шығатын көзі деп есептеді. Осыған орай әлеуметтік бірлікте дін шешуші рөл атқарады. Қоғам дінсіз өмір сүре алмайды. Дін қоғамдағы ең құнды, бағалы қасиеттерді бейнелейді.

Дюркгейм мына мәселелерге көңіл бөлді:


1. Қоғамдағы **реттілік пен ретсіздіктердің** себептерін зерттеудің маңыздылығына мән берді (ұжымдық сана, сенімдер, нормаларға ерекше мән берілсе әлеуметтік интеграция орнайды, ал керісінше болса қоғам **аномияға**-(ретсіздік) ұшырайды деп түсінді) осыдан барып;
2. **Өзіне-өзі қол салу** белгілі әлеуметтік топ өкілдеріне тән сипат және сондықтан да ол әлеуметтік құбылыс, яғни «әлеуметтік факт». Ол жеке дара ерекшеліктерге байланысты емес, ол адамның әлеуметтік қызметіне негізделеді.
3. **Моральдық** мәселе.
4. **Девиацияның** себебі неде деген мәселелерді қарастырды. Оған жауап: біріншіден, ол ерекше құбылыс және адам көңілін тартқыш қасиеті болуы. Екіншіден оған назардың басым болуы оған деген халықтағы, мемлекеттегі қобалжулықтың көтеріңкі болуы деп жауап берді.

* М.Вебердің негізгі ойы-жалпыны қамтитын **рационалдык** (латын тілінде **rationalis**- ақыл-парасаттық) идеясы, яғни ақыл парасатқа бағытталып, мақсаттандырылып ұйымдастырылған өмір. Бұл:


- * 1. рационалды тиімді шаруашылық;
- * 2. рационалды бюрократия, яғни пісіп-жетілген қоғамды басқару жүйесі;
- * 3. рационалды құқық – адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттейтін нақты және іс-әрекеттегі нормалар мен тәртіптер;
- * 4. рационалды дін, адамдар бойында еңбексүйгіштік, қарапайымдылық, адалдық пен әділеттілік қалыптастырды



М. Вебердің әлеуметтанулық теориялары:



Түсіну,
ұғыну



Идеалды
тип

МАКС ВЕБЕР:

- * Түсінуші (verstehen) әлеуметтану теориясы: түсіну үшін өзіңді оның орнына қою.
- * **Идеалды түр түсінігі**: зерттеушінің басында эталон ретінде қалыптасады.

Теорияларға негіз болған басты шарттар мен принциптердің жиынтығын парадигмалар дейді.

Олар қоғамға талдау жасау тәсіліне, методологиялық принциптеріне қарай 2 үлкен топқа бөлінеді:

1. Құрылымдық немесе

макросоциологиялық

О. Конт, Г. Спенсер,
Э. Дюркгейм,

Т. Парсонс

2. Интерпретативті немесе

Микросоциологиялық

М. Вебер, Дж. Мид,
Г. Блумер т.б.

Британ әлеуметтанушысы А. Гидденс екі көзқарасты біріктіретін теория «структурацияны» қолданды

1. Құрылымдық парадигмалар:

Қоғамды тұтас жүйе ретінде, оны ұйымдастыру, қызметін, дамуын қарастырады.



Функционалдық (қызметтік) парадигмалар

Конфликтілік парадигмалар


1.
марксистік

2.
неомарксистік

3.
беймарксистік

2. Интерпретативті парадигмалар:

Әлеуметтік іс-әрекет ретінде адамның мінез-құлқына баса назар аударады.



1. Әлеуметтік әрекетті қараст.
парадигмалар

2. Символикалық итеракционизм

3. Феноменологиялық парадигма

4. Этнометодологиялық парадигма

1.1. Құрылымдық- функционалдық парадигмалар:

Қоғамды құрайтын әрбір институттың (мемлекет, жанұя, дін) қызметіне (басқару, әлеуметтендіру, бейімдеу, біріктіру т.б.) талдау жасайды.

1.2. Құрылымдық-конфликттік парадигмалар:

Құрылымдық принципті мойындай отырып, қоғамның әртүрлі топтық құрылымына, олардың мүдделерінің әр түрлі болуына және бірі екіншісін пайдалану арқылы пайда табу әрекеттеріне талдау жасайды. Бұл тұрақсыздық тудыратын жағдай.

2. Микропарадигма

2.1. Әлеуметтік әрекет парадигмасы:

Адамдардың мінез-құлқын ең алдымен олардың өздері өз мінездеріне қандай мән, мағына беру тұрғысынан түсіндірілуі және талдануы тиіс деп таныды.

М. Вебер:

* Әлеуметтік әрекет – ол адамның өз ісіне мән берілуі арқылы (саналы) жасалатын және ол іске асқанда оған басқа адамдардың әрекеті немесе мінез-құлқы арқылы жауап қайтару мүмкіндігі ескерілетін іс-қимыл. Ал ойланбай, кенеттен болған жағдайлар және егер адамның іс-әрекетіне басқаның көңіл аударуы, эмоциясы болмаса олар әлеуметтік әрекетке жатпайды.

1. Әрекет субъектінің өз ісіне берген **мағынасын** анықтау қажет;
2. Әлеуметтік әрекеттің **себептік мотивтерін** анықтау қажет – деп таныды.

2. Микропарадигма

2.2. Символикалық итеракционизм:

Адамдар өзіндік адамдық қасиетіне тек өздері өзара **символдар** арқылы қарым-қатынас жасаған жағдайда ғана ие бола алады. Символдың ең бастысы **тіл**. Ол қарым-қатынас құралы, онсыз қатынас жоқ, ол деген қоғам да жоқ деген сөз.

2. Микропарадигма

2.3. Феноменологиялық парадигма:

Адам санасының ішкі мазмұндық жағына баса назар аударады. АҚЫЛ арқылы сыртқы дүниені түсіну және жіктеу тәсілдеріне ерекше мән береді. Адам қабылдаған дүниені ең алдымен *құбылыстарға жіктейді.*

2. Микропарадигма

2.4. Этнометодологиялық парадигма:

1967 ж. Г. Гарфинкель алғаш осы ұғымды енгізеді. Этнометодология –

адамдар қолданатын тәсілдер мағынасын береді. Адамдардың әлеуметтік ортаны тануда қолданатын тәсілдерін зерттейді.

Тіл, техникалық тәсілдер, құжаттық тәсіл т.б.